**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы және аумағы бойынша автомобиль көлігімен тасымалданатын жүктер мен жолаушылар тасымалына арналған құжаттардың және олардың нысандарының бірыңғай тізбесін әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 27 сәуірдегі N 124-ө өкімі

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы және аумағы бойынша автомобиль көлігімен тасымалданатын жүктер мен жолаушылар тасымалына арналған құжаттардың және олардың нысандарының бірыңғай тізбесін әзірлеу мақсатында мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Отто Иван Иванович - Қазақстан Республикасының Ішкі істер бірінші вице-министрі, жетекші

Полонский Александр Иванович - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы департаменті бастығының орынбасары, жетекшінің орынбасары

Сүлейменов Жанат Еркешұлы - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Жол полициясы департаментінің Жол-патрульдік қызмет басқармасы бастығының орынбасары, хатшы

Батырбекова Айымгүл Ғазизқызы - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің автомобиль көлігі басқармасы көліктік қызметтер көрсету рыногы және автоэлектркөлігін дамыту бөлімінің бастығы

Бұтаев Құдайберді Мырзаханұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі өсімдіктер карантині бойынша мемлекеттік инспекциясының бөлім бастығы

Есболлаев Ақын Имаханұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі шекарадағы және көліктегі мемлекеттік ветеринария инспекциясы бөлімінің бастығы

Нарымбетов Ербол Қабдухамитұлы - Қазақстан республикасының Кедендік бақылау агенттігі Кедендік бақылауды

ұйымдастыру департаментінің кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасы бастығының орынбасары

Омаров Қайрат Нұрмағамбетұлы - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті автокөлікте және автожолдарда бақылау басқармасының бастығы

Рахматуллин Рустам Рафисович - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Шекаралық бақылау бас басқармасының бөлім бастығы (келісім бойынша)

Саукенов Ерік Сәбиұлы - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Астана қаласы бойынша мемлекеттік қадағалау басқармасының бастығы

Серіков Санат Серікұлы - Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы) Бюджет және қаржы-кредит саласындағы қылмыстарды тергеу жөніндегі департаменті бюджет және қаржы-кредит саласындағы қылмыстардың жолын кесу және оларды тергеу жөніндегі басқармасының бастығы орынбасарының міндетін атқарушы

Тілеубекова Бақытгүл Төлеуханқызы - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті санитарлық-гигиеналық қадағалау басқармасының бастығы

2. Жұмыс тобы үш ай мерзімде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы және аумағы бойынша автомобиль көлігімен тасымалданатын жүктер мен жолаушылар тасымалына арналған құжаттардың және олардың нысандарының бірыңғай тізбесін әзірлесін және істелген жұмыс туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК